

Астана қаласының қала құрылысы кеңесі туралы

Күшін жойған

Астана қаласы әкімінің 2004 жылғы 3 тамыздағы N 3-1-376 шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2004 жылғы 27 тамызда N 346 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 2005 жылғы 7 қарашадағы N 20-10-34 шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес, Астана қаласының Бас жоспарын, жапсарлас аумақтардағы қала құрылысы жоспарларының кешенді тәсімін іске асыру жөніндегі қызметтерді үйлестіру мақсатында Астана қаласының әкімі шешті:

1. Астана қаласының қала құрылысы кеңесі және 1-қосымшаға сәйкес құрамда Қала құрылысы кеңесінің жұмысшы комиссиясы құрылсын.

2. 2-қосымшаға сәйкес Астана қаласының қала құрылысы кеңесі туралы ереже бекітілсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары С.В. Фомичевқа жүктелсін.

Астана қаласының әкімі

Әкімінің орынбасары

Әкім аппаратының басшысы

*Әкім аппараты құжаттамалық
сараптама бөлімінің меңгерушісі*

*Сәулет және қала құрылысы
департаментінің директоры*

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 т а м ы з д а ғ ы
N 3 - 1 - 3 7 6 ш е ш і м і н е

1-қосымша

Астана қаласы қала құрылысы кеңесінің құрамы

1. Ө.Е. Шөкеев - Астана қаласының әкімі, төраға;
2. С.В. Фомичев - Астана қаласы әкімінің орынбасары, төрағаның орынбасары;
3. А.З. Байтурин - "Архитектурное ателье "Дом" ЖШС-нің директоры (Қостанай);
4. Б.Ф. Досмағамбетов - "Астанагенплан" МКК-ның директоры;

5. С.Е. Жүнісов - "Астанагенплан" МКК-ның бас сәулетшісі;
6. В.А. Лаптев - Астана қаласы Сәулет және қала құрылысы департаментінің директоры;
7. Н.Г. Аужанов - "Нұр Сәулет" ЖШС жобасының бас сәулетшісі;
8. А.А. Кочетов - "ПСК "ППК" ЖШС-нің директоры;
9. Ш.У. Матайбеков - "Қуат" ЖШС жобасының бас сәулетшісі;
10. А.И. Рүстембеков - Қазақстан Республикасы Сәулетшілер одағының төрағасы (Алматы);
11. Е.О. Светличный - Астана қаласы Сәулет және қала құрылысы департаментінің бас дизайнері;
12. В.Б. Силецкий - "Астанапроект" ЖШС жобасының бас сәулетшісі;
13. Р.К. Ниязбаев - "Твин стоун" ЖШС-нің директоры (Алматы);
14. А.Е. Сағымбаев - Астана қаласы Сәулет және қала құрылысы департаментінің бөлім меңгерушісі, хатшы.

Астана қаласы Қала құрылысы кеңесінің жұмысшы комиссиясының құрамы

1. С.Е. Жүнісов - "Астанагенплан" МКК-ның бас сәулетшісі, комиссия төрағасы;
2. Н.Н. Анарқұлов - "Астанагенплан" МКК шеберханасының бастығы;
3. Н.С. Тоқаев - "Нұр Сәулет" ЖШС-нің директоры;
4. В.А. Гладких - "Архи-просто" ЖШС-нің директоры;
5. А.В. Пирожков - "ВЛ" ЖШС-нің бөлім бастығы;
6. В.Б. Силецкий - "Астанапроект" ЖШС жобасының бас сәулетшісі;
7. Ш.А. Тоқашева - "Астанагорпроект" МКК-ның сәулетшісі;
8. Е.О. Светличный - Астана қаласы Сәулет және қала құрылысы департаментінің бас дизайнері;
9. З.М. Мұстафина - "ДАН" ЖШС-нің директоры;
10. А.В. Ревтов - "Студия Арт" ЖШС жобасының бас сәулетшісі;
11. Ж.Ш. Кекілов - Астана қаласы Сәулет және қала құрылысы департаментінің жетекші маманы;

12. А.Е. Сағымбаев - Астана қаласы Сәулет және қала құрылысы департаментінің бөлім бастығы, хатшы.

А с т а н а қ а л а с ы ә к і м і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 3 т а м ы з д а ғ ы
N 3 - 1 - 3 7 6 ш е ш і м і н е

2-қосымша

**Астана қаласының Қала құрылысы кеңесі туралы
Ереже**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Астана қаласының Қала құрылысы кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) сәулет, қала құрылысы және құрылыс салаларындағы негізгі мәселелерді талқылау үшін құрылған.

2. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтары мен өкімдерін, Астана қаласы мәслихатының, әкімдігінің және әкімінің шешімдерін, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Кеңес алқалы орган болып табылады.

2-тарау. Негізгі мақсаттары мен міндеттері

4. Кеңес Астана қаласы әкімдігінің бірыңғай қала құрылысы және сәулет саясатын іске асыру, қала аумағындағы инвестициялық-құрылыс қызметінде қолданылған жобалардың сапасын көтеру мақсатында құрылған.

5. Кеңестің негізгі міндеті маңызды қала құрылысы және сәулет жобаларын қарау және бағалау болып табылады.

3-тарау. Кеңестің құрылымы және оны басқару

6. Кеңестің құрамы Астана қаласының әкімімен кем дегенде жеті адамның тақ санымен бекітіледі. Кеңестің хатшысы мүше болып табылмайды және шешім қабылдау барысында дауыс беруге құқығы жоқ.

7. Кеңес мүшелері санының кемінде отыз пайызы жыл сайын жаңартылып отыруы тиіс.

8. Кеңестің төрағасы Астана қаласының әкімі болып табылады. Кеңес төрағасының орынбасары болып әкімнің орынбасарларының бірі (тәртіп бойынша құрылыс мәселелеріне жетекшілік ететін) тағайындалады.

9. Кеңес мәжілісінің төрағасы болмаған жағдайда мәжіліс төрағаның орынбасарымен жүргізіледі.

10. Кеңестің кеңейтілген мәжілісіне бекітілген құрамнан басқа дауыс беру құқығынсыз отандық және шетелдік сәулет қоғамдарының өкілдері, жобалау институттарының басшылары, өз қызметінің бағыты бойынша және кеңестің дауыс беру құқығы мәселесіне жататын мемлекеттік органдардың өкілдері қосымша шақырылуы мүмкін.

11. Егер мәжілісте оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысса, Кеңестің шешімі құқықтық өкілетті болып саналады.

12. Кеңес материалдарды қарау нәтижесі бойынша мынадай шешімдер қабылдайды :

- 1) жобаларды бекітеді;
- 2) ескертпелерімен бекітеді;
- 3) толық аяқтап жасау үшін қайтадан қайтарады;
- 4) басқа да шешімдер.

4-тарау. Кеңестің құқығы

13. Кеңес :

1) жобалау ұйымдарынан, меншік түріне және ведомстволық керек-жарағына қарамастан құрылыс салушылардан қарауға ұсынылатын, анықталған құжаттамалардың құрамын, сондай-ақ материалдарды қарау барысында қажеттілігі анықталған қосымша ақпараттарды, анықтамаларды, құжаттарды, сызбалар мен есептерді талап етуге;

2) жобалау ұйымдарының, құрылыс салушылардың, тапсырыс берушілердің, мердігерлердің және басқа да мәжіліске мәселелерді дайындау және қарастыру барысында қатысуы қажет ұйымдардың өкілдерін шақыруға;

3) Астана қаласы әкімдігінің құрылымдық бөлімшелеріне сәулет және қала құрылысы қызметтері жөнінде өтініш жасауға құқылы.

14. Кеңестің қарауына ұсынылған жобалардың және жобалық ұсыныстардың жазбаша рецензиясы міндетті.

15. Рецензиат Кеңеспен комиссиялы түрде тағайындалады. Рецензиат қызметіне ақы төлеуді Кеңестің жұмысшы комиссиясымен бекітілген бағалау бойынша тапсырысшы жүзеге асырады.

16. Келісуге материалдарды дайындау инвесторлар мен тапсырысшылардың қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

5-тарау. Кеңес төрағасы мен мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

17. Кеңес төрағасы мен мүшелерінің:

1) Кеңестің жұмысына қатысуға, объективті шешім қабылдау үшін қажетті материалдармен танысуға;

2) мемлекеттік немесе басқа да заңмен қорғалатын құпия болып табылатын ақпараттардан басқа қажетті ақпараттарды сұрауға;

3) Кеңес құрамындағы қызметті жүзеге асыруға байланысты шығындарды өтеуді талап етуге құқығы бар.

18. Кеңестің төрағасы мен мүшелері:

- 1) белгісіз себептермен Кеңес мәжілісін жібермеуге;
- 2) жекелеген тапсырысшылардың мүдделерін лоббилендіруге жол бермеуге

м і н д е т т і .

Кеңестің мәжілісіне жүйелі түрде қатыспайтын немесе оның жұмысының тәртібін бұзуға жол беретін Кеңес мүшелері хатшының ұсынысы бойынша Кеңес құрамынан шығарылуы мүмкін.

6-тарау. Кеңестің жұмысшы органы

19. Кеңес мәжілісінің кейінгі қарауына мәселелер қарау үшін алдын ала әзірлеуді жүзеге асырушы Кеңестің жұмысшы органы Сәулет және қала құрылысы департаменті болып табылады. Кеңестің хатшысы болып аталған мемлекеттік органның қызметкері тағайындалады.

20. Жұмысшы орган Кеңес қарастыру үшін материалдар жинауды, мәжілістің күн тәртібін дайындауды және хаттамалар ресімдеуді жүзеге асырады, басқа да қызметтерді орындайды.

21. Жұмысшы органда Кеңестің өзге қалалардағы мүшелерін қабылдау, орналастыру және іссапар шығындарын төлеу, сондай-ақ Кеңес мүшелерінің басқа мемлекеттердің қала құрылысы тәжірибесін үйрену үшін іссапар құнын төлеу басқарылады. Маңызды қызметтерді орындау жөніндегі шығындар белгіленген тәртіпте жұмысшы органның сметасы бойынша қарастырылады.

7-тарау. Кеңестің шешім қабылдау тәртібі

&1. Мәжілістердің түрлері мен материалдарды қарау мерзімі

22. Кеңес өз қызметін:

1) Кеңестің кеңейтілген мәжілісі (тоқсанына бір реттен кем емес шақырылатын);

2) Кеңестің жұмысшы мәжілісі (аптасына бір реттен кем емес шақырылатын);

3) Комиссияның жұмысшы мәжілісінде қарастыру (материалдарды ұсыну шарасы бойынша шақырылатын) түрлерінде жүзеге асырады.

23. Кеңестің кеңейтілген және жұмысшы мәжілісінің құзыретіне заңды және жеке тұлғалардың тапсырысы бойынша әзірленетін жоба алды және жобалық құжаттамалардың барлық түрлері бойынша қала құрылысы және сәулеттік шешімдерді, оның ішінде:

бас жоспарды және жалпықалалық бағдарламаларды қалыптастырудың қала құрылысы тұжырымдамасы;

қала құрылыс кешендерінің бас жоспарларының жобаларын, бөлшектік жоспарлаудың жобаларын, қаланың аумағын салу жобаларын;

аумақтарды функционалды аймақтау, қала аумағының инженерлік және көліктік дамыту жобаларын;

ғимараттар (орын-жайлар) құрылысының және олардың Астана қаласының даму аймақтарында (мұндай аудандардың тізбесі кеңеспен белгіленеді) орналастыру болжалған кешендерінің жобасын;

экспериментальды және талап жобаларын қарау кіреді.

24. Жұмысшы комиссияның құзыретіне заңды және жеке тұлғалардың тапсырысы бойынша әзірленген жоба алды және жобалық құжаттамалардың барлық түрлері бойынша қала құрылысы және сәулеттік шешімдерді қарастыру, о н ы ң і ш і н д е :

1) құрылыс, абаттандыру, көгалдандыру объектілерінің, инженерлік коммуникация желілерінің, сондай-ақ жалпы көрнекі кеңістікті қалыптастыратын басқа да объектілердің нобайлық жобаларын бекіту;

2) қаланың өндірістік аймағы мен қайта жаңартылған бөлігінің қатарындағы құрылыс объектілерінің жобасын бекіту;

3) объектілердің, бірінші қабаттардың қайта жапсарланып салынған орын-жайларының, сондай-ақ уақытша павильондардың құрылысына бөліп б е р у д і к е л і с у д і ;

4) көшелердің өту бөліктерін; ғимараттардың қасбеттерін; орын-жайлардың бірінші қабаттарын; гүлзарларды; көшелердің желекжол учаскелерін; қалалық ортаның көгалдандыру элементтерін; көшелердің, саябақтық, сәулеттік жарықтандыру; инженерлік коммуникациялардың желілерін жөндеу және қайта жаңарту жобаларын бекіту кіреді.

25. Жұмысшы органмен өз бетінше қаралуы мүмкін емес материалдар, жұмысшы комиссияның қарауына жіберіледі. Жұмысшы комиссия өз бетінше шешім қабылдау мүмкін болмаған жағдайда материалдарды Кеңестің кезекті кеңейтілген мәжілісінде мәселені қарауға енгізуге құқылы Кеңестің жұмысшы мәжілісін е жі б е р е д і .

26. Материалдар қараудың кез келген кезеңінде қайта қарау үшін алдыңғы с а т ы ғ а қ а й т а р ы л у ы м ү м к і н .

27. Жұмысшы органға ілеспе хатпен бірге ұсынылған материалдар мынадай мерзімдерде қ а р а с т ы р ы л а д ы :

1) Кеңестің кеңейтілген және жұмысшы мәжілістерінде - бір айдан көп емес;

2) жұмысшы комиссияда - он бес күннен көп емес.

28. Жоба жұмысшы комиссиямен келісілмеген жағдайда, ол Кеңеспен мүшелерінің кемінде үштен бір бөлігінің келісімімен қаралуы тиіс.

29. Кеңестің төрағасы өз бастамасы бойынша немесе кеңес мүшелерінің үштен бір бөлігінің бастамасы бойынша мәжіліске дейінгі үш күннің ішінде жазбаша хабарландыру жолымен Кеңестің кезектен тыс мәжілісін шақыруға қ ұ қ ы л ы .

30. Кеңестен тыс мәжілісте кезектен тыс мәжілісті шақыруға себеп болған мәселелер қ а р а с т ы р ы л у ы м ү м к і н .

31. Кеңестің төрағасы жеке мәселелерді қарауды жедел деп тануға құқылы. Бұл Кеңес аталған мәселелерді жеті күн мерзім ішінде қарау керектігін білдіреді.

&2. Мәжілісті өткізу тәртібі

32. Кеңес мәжілісі тәртіп бойынша ашық болып табылады. Жекелеген мәжілістер Кеңес төрағасының шешімі бойынша жабық болуы мүмкін.

33. Кеңес мәжілісінің күн тәртібі жұмысшы органмен құрылады және мәжілістің басталуы алдында төрағамен бекітіледі.

34. Кеңес мәжілісі күн тәртібінің жобасы қарауға енгізілетін мәселелерді мәжіліске дейінгі бес күннің ішінде жасау үшін Кеңес және жұмысшы комиссия мүшелеріне жұмысшы органмен хабарланады. Күн тәртібінің жобасында болмаған мәселелерді мәжілістің күн тәртібіне енгізуге жол берілмейді.

35. Кеңестің мәжілісі мәжілістің бекітілген күн тәртібін хабарлайтын төрағамен ашылады.

Кеңес мәжілісінің күн тәртібі бекітілгеннен кейін төраға күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша баяндамашыға сөз береді.

36. Кеңес мәжілістерінің баяндамашыларының сөйлеу уақыты 15 минут болады, тең баяндаушыға - 5 минут, жекелеген мәселелерді талқылау - 3 минут, мәселелерге түсіндірме беру және жауап беру - 2 минут.

37. Сөз сөйлеу мінбеде немесе төраға рұқсат берген жағдайда орнында өтуі мүмкін.

38. Кеңестің шешімі ашық дауыс беру арқылы жай көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Төрағаның немесе кеңес мүшелерінің үштен бірінің бастамасы бойынша жекелеген мәселелер бойынша дауыс беру құпия түрде өтуі мүмкін.

39. Кеңестің мүшесі авторы өзі немесе оның қатысу үлесі бар ұйым болып табылатын жоба бойынша шешім қабылдау кезінде дауыс бере алмайды.

40. Кеңестің мәжілісіне шақырылғандардың оның қызметіне араласуына құқығы жоқ, оның жұмысының ықыласын мақұлдаудан немесе мақұлдамаудан қалыс қалуға, белгіленген тәртіпті сақтауға және төрағаның өкіміне бағынуға міндетті. Осы талаптарды орындамаған тұлғалар төрағаның талабы бойынша мәжіліс өткізіліп жатқан залдан шығарылуы мүмкін.

41. Мәжілістің қорытындысы бойынша Кеңестің қабылдаған шешімі мазмұндалатын толық хаттама жасалады. Қабылданған шешіммен келіспейтін Кеңес мүшесі хаттамаға өзінің маңызды пікірін қосуға құқылы.

42. Кеңес мәжілісінің хаттамасы Кеңес шешімінің негізінде өз шешімдерін қабылдау үшін барлық мүдделі мемлекеттік органдарға жіберіледі.